

**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША  
ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ**

**«Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасы, оған бағынысты мекемелер мен кәсіпорындарға бөлінген мемлекет қаражатының және мемлекеттік активтерінің пайдаланылу тиімділігіне аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасының нәтижесі бойынша**

**АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ**

**Түркістан қаласы  
2022 жыл**

## **I. Кіріспе бөлік**

**1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы:** "Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасы, оған бағынысты мекемелер мен кәсіпорындарға бөлінген мемлекет қаражатының және мемлекеттік активтерінің пайдаланылу тиімділігіне аудит жүргізу»

### **1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты:**

1) Бюджет қаражатын, мемлекет пен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерін басқарудың және пайдаланудың тиімділігі.

### **1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері:**

1) Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Ленгір қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

2) Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Түлкібас аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

3) Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Облыстық фтизиопульмонология орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

4) Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Сайрам аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

5) Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Созақ аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

6) Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Ордабасы аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

7) Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «№ 1 Облыстық перинаталдық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

8) Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Облыстық патологиялық-анатомиялық бюросы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

9) Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Жетісай жоғары медицина колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

10) Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Мырзакент» Мақтаарал аудандық ауруханасының» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

11) Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Түркістан жоғары медицина колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

12)Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Төлеби аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

13)Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Облыстық психикалық денсаулық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

14)Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Қазғұрт аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

15)Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Бәйдібек аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

16)Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Түркістан қалалық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

17)Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының "Кентау қалалық емханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

18)Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Облыстық балалар оңалту орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

19)Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Облыстық тері-венерологиялық аурулары диспансері» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

20)Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Сарыағаш» облыстық балалар шипажайы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

21)Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Түркістан қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

22)Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Ленгер қалалық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

23)Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Арыс аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

24)Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының "Ақ-бұлақ" облыстық балалар оңалту орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

25)Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының«№2 облыстық перинаталдық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

26)Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Түркістан қалалық балалар ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

27)Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының "Жансая облыстық балалар оңалту орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

28)Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының облыстық "Балықшы фтизиопульмологиялық оңалту орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

29)Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Облыстық ЖИТС-тің алдын алу және онымен күресу орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

30)Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Арнайы медициналық жабдықтау базасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

31)Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Облыстық жедел медициналық жәрдем станциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

32)Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Кентау қалалық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

33) "Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасы" мемлекеттік мекемесі.

#### **1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең:**

Аудиторлық іс-шарамен қамтылатын кезең: 01.01.2019 жыл – 31.12.2021 жыл.

### **II.Негізгі (талдамалық) бөлік:**

#### **2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау:**

Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясының мемлекеттік аудит объектілерінің 2022 жылға арналған тізбесіне сәйкес, "Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасы, оған бағынысты мекемелер мен кәсіпорындарға бөлінген мемлекет қаражатының және мемлекеттік активтерінің пайдаланылу тиімділігіне аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша сыртқы мемлекеттік аудит іс-шарасы 10.02.2022 жыл - 29.04.2022 жыл аралығында жүргізілді.

Аудиторлық іс-шарамен 1 мемлекеттік мекеме, 1 коммуналдық мемлекеттік мекеме, 1 мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, 30 шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындары, жалпы 33 аудит объектісі қамтылды.

Түркістан облысының аумағында денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады.

#### **Мақсаттары:**

1) азаматтардың денсаулығын сақтауға конституциялық құқығын іске асырылуын қамтамасыз ету;

2) денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыруды;

3) Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау, білім және ғылым саласындағы заңнамасының орындалуын қамтамасыз ету.

2019 жылы облыстық бюджеттен медициналық ұйымдарға 1394 бірлік құрал-жабдық сатып алынып, 2 денсаулық сақтау объектісінде күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді, 19 дана құрастырмалы-қаңқалы модульдік конструкция әдісімен салынған медициналық тіректер сатып алынған.

Облыстық бюджет есебінен ел ішінде және алыс жақын шет елдерде мамандардың біліктілігін жоғарылату және қайта даярлау бойынша іс жүзінде 2 598 дәрігер және орта медицина қызметкері (жоспар бойынша 2 572) біліктілігін жоғарылатып, сертификаттар алған.

Салауатты өмір салтын насихаттау, дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының жобаларын, профилактикалық бағдарламаларды іске асыру бойынша ұйымдастыру шаралары, ақпараттық-білім беру іс-шаралары қарастырылған. 2019 жылға аурулардың алдын алу және салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша 2 814 іс-шаралар өткізу жоспарланып, нақты 2 814 іс-шаралар ұйымдастырған.

Денсаулық сақтау басқармасының квотасы бойынша мамандандырылған республикалық клиникаларға бару-келу тегін жол жүрумен қамтамасыз етілген науқастар саны нақты 3 438 адамды құраған.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің «Республикалық электрондық денсаулық сақтау орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Түркістан облыстық филиалы 190 талдамалық анықтамалар берілген, 802 медициналық статистикалық мәліметтер өңделген. Мемлекеттік статистиканың талаптарына сәйкес дайындалған статистикалық есептердің үлес салмағы 100,0%-ды құраған.

Салауатты өмір салтын насихаттау, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының жобаларын, профилактикалық бағдарламаларды іске асыру бойынша ұйымдастыру шаралары, ақпараттық-білім беру іс-шаралары қарастырылған. 2020 жылға аурулардың алдын алу және салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша жалпы 503 іс-шара өткізу жоспарланып, нақты 503 іс-шаралар толығымен ұйымдастырылған.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің «Республикалық электрондық денсаулық сақтау орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Түркістан облыстық филиалы 190 талдамалық анықтамалар берілген, 802 медициналық статистикалық мәліметтер өңделген.

Республикалық және облыстық бюджет қаражаты есебінен бір жасқа дейінгі балаларды вакцинациялау бойынша инфекцияларға қарсы вакцина егуге жататын контингенттің вакцинациямен қамтылуы 95,0% құраған (жоспар 95%). Республикалық бюджет қаражаты есебінен 624 850 адам, жергілікті бюджет қаражаты есебінен 289 700 адам вакцинациямен қамтылған.

Ел ішінде және алыс жақын шет елдерде мамандардың біліктілігін жоғарылату және қайта даярлау бойынша 2 809 дәрігер және орта медицина қызметкері (жоспар бойынша 2 809) біліктілігін жоғарылатып, сертификаттар алған.

Салауатты өмір салтын насихаттау, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының жобаларын, профилактикалық бағдарламаларды іске асыру бойынша ұйымдастыру шаралары, ақпараттық-білім беру іс-шаралары қарастырылған. 2021 жылға аурулардың алдын алу және салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша жалпы 59 684 іс-шара өткізу жоспарланып, нақты 59 684 іс-шаралар толығымен ұйымдастырылған.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің «Республикалық электрондық денсаулық сақтау орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Түркістан облыстық филиалы 190 талдамалық анықтамалар берілген, 802 медициналық статистикалық мәліметтер өңделген.

## **2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері**

**Осы аудиторлық іс-шарамен жалпы 199 099 726,4 мың теңге (республикалық бюджет қаражаты 189 099 880,0 мың теңге) қамтылды, оның ішінде 01.01.-31.12.2019 жыл кезеңі бойынша 47 961 054,9,0 мың теңге (оның ішінде республикалық бюджеттен 43 581 676,7 мың теңге), 2020 жыл кезеңі бойынша 63 147 319,0 мың теңге (оның ішінде республикалық бюджеттен 61 832 050,4 мың теңге), 2021 жылдың тексеру кезеңіне 87 991 352,5 мың теңге (оның ішінде республикалық бюджеттен 83 686 152,9 мың теңге) қамтылды.**

Жалпы аудитпен қамтылған 33 объектінің ішінде 18-де қаржылық бұзушылықтар, 26 объектіде 102 бірлік рәсімдік бұзушылықтар анықталған.

Анықталған қаржылық бұзушылықтар сомасы барлығы **7 517 164,3 мың теңгені** құрады. Оның ішінде:

-Бюджет қаражатын пайдалану кезіндегі бюджет заңнамасы және өзге де заңнама бұзушылықтары **3 677,7 мың теңге;**

-Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезіндегі заңнама бұзушылықтары **7 513 486,6 мың теңге;**

Тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражатының (активтердің) сомасы **1 670 125,6 мың теңге.**

Ықтимал шығындардың және жіберіп алған пайданың сомасы **10 686,8 мың теңге.**

Жалпы өтелуге және қалпына келтірілуге жататын қаржы көлемі **7 517 164,3 мың теңге**, оның ішінде қалпына келтіруге жататыны 7 513 486,6 мың теңге, өтелуге жататыны 3 677,7 мың теңге.

Жалпы аудиторлық іс-шара барысында барлығы **122 588,9 мың теңге** өтеліп, қалпына келтірілген (оның ішінде 120 794,9 мың теңге қалпына келтірілген болса, 1 794,0 мың теңгесі өтелді).

**Рәсімдерді орындау тәртібінің бұзылуы бойынша жалпы 102 бірлік бұзушылық фактілері 26 объектіде орын алған.**

**Аудит барысында келесі бұзушылықтар орын алған:**

**I. Бюджет қаражатын пайдалану кезіндегі бюджет заңнамасының және өзге де заңнаманың бұзушылықтары 14 мекемеде 3 677,7 мың теңгені құраған. Атап айтқанда:**

**1. Айлық жалақыны дұрыс есептемеу және төлеу барысында 6 мекемеде 2589,4 мың теңге қаржылық бұзушылық анықталған. Атап айтқанда:**

-Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Облыстық фтизиопульмонология орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бойынша 180,6 мың теңге;

-Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Ордабасы аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бойынша 93,4 мың теңге;

-Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Мырзакент» Мақтаарал аудандық ауруханасының» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бойынша 354,8 мың теңге;

-Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Облыстық психикалық денсаулық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бойынша 707,2 мың теңге;

-Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Бәйдібек аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бойынша 968,3 мың теңге;

-Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының "Кентау қалалық емханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бойынша 285,1 мың теңге;

*Бұл ретте, ҚР 2011 жылғы 1 наурыздағы №413-IV «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 124 бабы 2 тармағы 7)-тармақшасының, 149 бабы 1 тармағы бірінші бөлімнің б)-тармақшасының және екінші бөлімнің 1)-тармақшасының, Кәсіпорын Жарғысының 21 тармақ б), 12)-тармақшаларының, ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы №ҚР ДСМ-213/2020 бұйрығымен бекітілген Денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындар жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеудің үлгілік жүйесінің 3 тармағы 10)-тармақшасының, 5, 6 тармақтарының және 2019 жылғы 26 қарашадағы Кәсіпорынның Бақылау кеңес отырысының №02/19 хаттамасымен бекітілген кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және ынталандыру туралы Ереженің 7.21. тармағының талаптары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 31.12.2015 жылғы №1193 "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" қаулысының 2-тармағының 1, 2-тармақшалары, 5 тармағы 1) тармақшасы, ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы №1043 бұйрығымен бекітілген Денсаулық сақтау жүйесінің кейбір салаларындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарның тізілімінің талаптары сақталмаған.*

**2. Қызметкерлердің іс сапар шығындарын дұрыс есептемеу салдарынан 2 мекемеде 26,8 мың теңге қаржылық бұзушылық анықталған. Оның ішінде:**

-Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Жетісай жоғары медицина колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бойынша 11,7 мың теңге;

- Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Арнайы медициналық жабдықтау базасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша 15,1 мың теңге;

*Бұл ретте, ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы №256 қаулысымен бекітілген Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге*

қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларының 4 тармағының 2-ші тармақшасының талабы сақталмаған.

**3. 6 мекемеде 979,9 мың теңгеге ұялы байланыс шығындарына жол берілгендігі орын алған:**

-Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Түлкібас аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бойынша 282,3 мың теңге;

-Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «№1 Облыстық перинаталдық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бойынша 477,8 мың теңге;

-Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Төлеби аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бойынша 135,9 мың теңге;

-Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Ленгер қалалық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бойынша 25,6 мың теңге;

-Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «№2 облыстық перинаталдық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бойынша 33,2 мың теңге;

-Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Түркістан қалалық балалар ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бойынша 25,1 мың теңге;

*Бұл ретте, сол кездегі қолданыстағы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014-жылғы 24-қарашадағы №511 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну» Қағидасының 2 және 33,39 тармақтарының және Кәсіпорын басшысының 2018 жылғы 18 мамырдағы №235-н/қ "Қызметтік сымтетіктерді тиімді қолдану туралы" бұйрығының талаптары сақталмаған.*

**4. 1 мекемеде «Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасы» мемлекеттік мекемесінде 1 маманға пәтерақы шығындарын өтеуге 81,6 мың теңге төлеу орын алған.**

*Бұл ретте, Түркістан облыстық мәслихатының 2018 жылғы 21 қарашадағы №32/343- VI «Өтемақы төлемдерімен қамтамасыз ету шаралары туралы» шешіміне толықтырулар енгізу туралы Түркістан облыстық мәслихатының 2019 жылғы 13 маусымдағы №38/407-VI шешімінің талаптары сақталмаған.*

**II. Бухгалтерлік есепті жүргізу және бюджеттік, қаржылық есептілікті жасау кезінде 4 мекемеде жалпы 7 513 486,6 мың теңгеге қаржылық бұзушылықтар анықталған, атап айтқанда:**

-Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Ордабасы аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бойынша 16 780,0 мың теңге;

-Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Қазғұрт аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бойынша 102 654,9 мың теңге;

-Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Түркістан қалалық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бойынша 7 392 691,7 мың теңге;



-Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Облыстық ЖИТС-тің алдын алу және онымен күресу орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны бойынша 1 360,0 мың теңге;

*Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 28 маусымдағы «Жария мүдделі ұйымдардың (қаржы ұйымдарынан басқа) жариялау үшін жылдық қаржылық есептіліктің тізбесі мен нысандарын бекіту туралы» №404 бұйрығының 2 қосымшасының талаптары, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы №234 «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Заңының 5 бабы 2 тармағының, 6 бабы 1, 3 тармақтарының, 13 бабы 1 тармағының, 14 бабы 1 тармағының, 15 бабы 1 тармағының, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2007 жылғы 23 мамырдағы №185 бұйрығымен бекітілген «Бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жоспарының» 21 тармағының, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы №241 Бұйрығымен бекітілген «Бухгалтерлік есепті жүргізу қағидаларының» 17-21 тармақтарының талаптары сақталмаған.*

### **III. Тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражатының (активтердің) сомасы 8 мекемеде 1 670 125,6 мың теңгені құраған.**

-Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Ленгір қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бойынша 1 996,7 мың теңге;

-Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Сайрам аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бойынша 4 790,1 мың теңге;

-Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Созақ аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бойынша 2 530,6 мың теңге;

-Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Облыстық психикалық денсаулық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бойынша 519 731,2 мың теңге;

-Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Сарыағаш» облыстық балалар шипажайы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бойынша 591,3 мың теңге;

-Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Түркістан қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бойынша 7 901,8 мың теңге;

-Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының "Жансая" облыстық балалар оңалту орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бойынша 16,2 мың теңге;

-Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының облыстық "Балықшы фтизиопульмологиялық оңалту орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бойынша 1 132 567,7 мың теңге;

*Бұл ретте, Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» N 193-IV Кодексінің 86-2 бабының 2 тармағы, 86-3 бабының 1 тармағы, 3 тармағы 1 тармақшасы; Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы №413- IV "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының 6 бабының 4 тармақшасы, 17 бабы 24 тармақшасы ;*

**IV. Ықтимал шығындардың және жіберіп алған пайданың сомасы**  
**1 мекемеде** Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Облыстық психикалық денсаулық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бойынша **10 686,8 мың теңгені** құраған.

*Бұл ретте, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 04 желтоқсандағы №95-IV «Бюджет Кодексінің» 4 бабы 12 тармақшасының тиімділік принципі, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы №413- IV "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының 6 бабы 4 тармақшасының мемлекеттік мүлікті қоғам игілігі үшін тиімді пайдалану принципі сақталмаған және осы Заңның 17 бабы 24 тармақшасына сәйкес облыстық жергілікті атқарушы органдар тарапынан тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етпеген.*

**Рәсімдерді орындау тәртібінің бұзылуы бойынша жалпы 102 бірлік бұзушылық фактілері 26 объектіде орын алған. Оның ішінде:**

**1. Бухгалтерлік есепті жүргізу мен қаржылық есептілік бойынша 82 бірлік 24 мекемеде анықталған:**

- 1.Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Түлкібас аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бойынша 4 бірлік;
- 2.Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Облыстық фтизиопульмонология орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бойынша 3 бірлік;
- 3.Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Сайрам аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бойынша 2 бірлік;
- 4.Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Созақ аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бойынша 2 бірлік;
- 5.Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Ордабасы аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бойынша 4 бірлік;
- 6.Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «№ 1 Облыстық перинаталдық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бойынша 7 бірлік;
- 7.Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Облыстық патологиялық-анатомиялық бюросы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бойынша 7 бірлік;
- 8.Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Мырзакент» Мақтаарал аудандық ауруханасының» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бойынша 2 бірлік;
- 9.Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Төлеби аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бойынша 3 бірлік;
- 10.Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Облыстық психикалық денсаулық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бойынша 3 бірлік;

- 11.Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Қазғұрт аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бойынша 4 бірлік;
- 12.Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Бәйдібек аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бойынша 3 бірлік;
- 13.Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының "Кентау қалалық емханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бойынша 1 бірлік;
- 14.Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Сарыағаш» облыстық балалар шипажайы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бойынша 3 бірлік;
- 15.Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Түркістан қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бойынша 3 бірлік;
- 16.Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Арыс аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бойынша 4 бірлік;
- 17.Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының "Ақ-бұлақ" облыстық балалар оңалту орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бойынша 3 бірлік;
- 18.Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының "Облыстық" Балықшы фтизиопульмологиялық оңалту орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бойынша 3 бірлік;
- 19.Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Арнайы медициналық жабдықтау базасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша 3 бірлік;
- 20.Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Облыстық жедел медициналық жәрдем станциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бойынша 3 бірлік;
- 21.Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Кентау қалалық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бойынша 5 бірлік;
- 22.Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасы мемлекеттік мекемесі бойынша 4 бірлік;
- 23.Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Облыстық тері-венерологиялық аурулары диспансері» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бойынша 3 бірлік;
- 24.Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Облыстық ЖИТС-тің алдын алу және онымен күресу орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны бойынша 3 бірлік;

**2. Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының бұзылуы бойынша 2 бірлік 2 мекемеде анықталған:**

1.Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Арыс аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бойынша 1 бірлік;

2.Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Кентау қалалық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бойынша 1 бірлік;

**3. Бюджет қаражатын және активтерді пайдалану кезіндегі бюджет заңнамасы және өзге де заңнама бұзушылықтары бойынша 18 бірлік 9 мекемеде анықталған:**

1.Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Сайрам аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бойынша 1 бірлік;

2.Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Мырзакент» Мақтаарал аудандық ауруханасының» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бойынша 1 бірлік;

3.Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Түркістан жоғары медицина колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бойынша 3 бірлік;

4.Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Төлеби аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бойынша 2 бірлік;

5.Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Ленгер қалалық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бойынша 3 бірлік;

6.Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының "Ақ-бұлақ" облыстық балалар оңалту орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бойынша 1 бірлік;

7.Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Арнайы медициналық жабдықтау базасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша 3 бірлік;

8.Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Облыстық жедел медициналық жәрдем станциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бойынша 3 бірлік;

9.Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Арыс аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бойынша 1 бірлік;

**2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе)**

2019 жылғы денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік бағдарламалардағы бекітілген мақсаттар мен міндеттердің орындалу барысын талдау.

"Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған "Денсаулық" мемлекеттік бағдарламасы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1082 қаулысымен бекітілген.

Күтілетін өмір сүру ұзақтығы - 2019 жылы – 72,73(2018ж. – 72,95);

Жалпы өлім-жітім – 2019 жылы – 5,17(2018ж. – 5,01);

Ана-өлім жітімі – 2019 жылы – 9,1(2018ж. – 10,3);

Нәресте өлім жітімі – 2019 жылы – 7,6(2018ж. – 7,6);

Қан айналым жүйесінен болатын өлім-жітім көрсеткіші – 128,9 (2018 ж. – 130,0);

Қатерлі ісіктерден болатын өлім-жітім көрсеткіші – 51,0 (2018 ж. – 46,8);

Туберкулезден өлім-жітім көрсеткіші – 1,3(2018 ж.-1,7).

**Біріктірілген медициналық көмек қағидатының** (аймақтандыру) негізінде басым бағыттар бойынша ана мен бала денсаулығын қорғау, жіті миокард инфаркті, жіті ми қанайналымы бұзылысы, қатерлі ісіктер, жазатайым оқиғалар жол картасы жүзеге асырылуда Жол карталарының орындалуы облыстық үйлестіру кеңестерінде ай сайын тыңдалып, қорытындысымен тиісті шаралар қабылданған.

Ана денсаулығын қорғау жол картасы аясында:

1) Күн сайын критикалық жағдайдағы жүкті әйелдер, босанатын және босанған әйелдер мен нәрестелерге мониторинг жүргізіледі;

2) Босану ұйымдарының барлық бөлімшелерінде жүкті әйелдер, босанатын және босанған әйелдерге уақтылы медициналық көмек беру үшін SOS шұғыл хабарлама жүйесі орнатылған. Бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін медициналық ұйымдарында КМИС бағдарламасына мобильдік қосымшасы енгізілген;

**Медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасын қамтамасыз ету.** Облыстың барлық медицина ұйымдарында ішкі аудит қызметі жұмыс жасайды. Әрбір медициналық ұйымда медициналық көмек сапасын басқару қызметі ұйымдастырылған. Барлық медициналық ұйымдарда ресми сайттар бар және бірінші басшысының блог-платформалары әзірленген. Медициналық ұйымдарында ішкі аудит туралы толық ақпарат көрсетілген стендтер ілінген.

**Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін ендіру** бойынша 3 рет өңірлік штаб отырысы өткен.

Түркістан облысы бойынша 2019 жылға міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін енгізуде ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізу үшін Жол картасы және өңірлік штабтың іс шаралар жоспары бекітілді. Облыс бойынша МӘМС тақырыптарына тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі пакеті мен МӘМС пакеттерінің айырмашылығы бойынша 5086 дәрігерлер, 17486 мейірбикелер, 1705 тіркеуші және 95 әкімшілік қызметкерлері каскадты оқыту әдісімен 100% оқытылған.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды ендіру бойынша ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізу кестесі (14.10.19ж) бекітіліп, аудан мен қала бойынша Түркістан облыстық қоғамдық денсаулық басқармасы, «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» Түркістан облысы бойынша филиалы, Түркістан облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы, Түркістан облыстық қоғамдық даму

басқармаларының қатысуымен міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды енгізу жөнінде ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізген.

Бекітілмеген халық бойынша деректерді өзектендіруді және қайтыс болған жағдайда, Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұруға кеткен мәртебелер бойынша Республикалық электронды денсаулық сақтау орталығының Түркістан облысы бойынша филиалымен күнделікті мониторинг жұмыстары жүргізіледі. Медициналық-санитарлық алғашқы көмек ұйымдарына бекітілмеген азаматтар облыс бойынша 34 508 құрады. Медициналық ұйымдардың ақпараты бойынша қайтыс болғандар саны – 1 096. Қазіргі таңда тіркеуге алынғандар – 31 908, қалғаны – 2 600.

Бүгінгі таңда 428 спикерлермен облыстың медициналық ұйымдарында облыс тұрғындарымен, жұмыс берушілермен, жеке кәсіпкерлермен және өзін – өзі жұмыспен қамтыған азаматтар арасында медициналық көмектің сапасы мен МӘМС жүйесінің ендірілуі түсіндірілген.

Сонымен қатар 10501 кездесу, 311 семинар, 1678 дәріс өткізіліп, 174 499 буклет, брошюра таратылып, 1751 әлеуметтік желілерге жарияланып 8 миллион халық қамтылды. Медицина ұйымдарының ішкі және сыртқы аулаларында 1523 баннер мен стендтер ілінген. Түсіндіру жұмыстарымен облыс орталығының барлық білім беру мекемелері (колледждер, лицейлер, мектептер, балабақшалар) қамтылған.

Бүгінгі күнге азаматтардан МӘМС-ке жарналарды қабылдау функциясы/қызметі бар өзіне-өзі қызмет көрсету терминалдары Бәйдібек, Түлкібас, Сарыағаш, Ленгір, Абай, Арыс, Кентау, Ордабасы, Созақ, Асықата, Мырзакент, Қазығұрт, Шардара, Атакент, Жетісай, Төлеби аудан ауруханаларында және Түркістан, Кентау, Ленгер қалалық емханаларында орнатылды. «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Түркістан облысы бойынша филиалымен 75 медициналық ұйым өзара келісімшартқа тұрып, қызмет көрсетілуде.

Республикалық және жергілікті телеарналарда, газеттерде, ақпараттық порталдарда 2349 мақала жарияланып, «Время», «Южный Казахстан» газеттеріне сұқбат берілді. Өңірлік коммуникация қызметі алаңында Қор филиалы және Басқарманың қатысуымен брифинг өтті. Брифингте журналистерге тегін медициналық көмек көлемі бойынша атқарылып жатқан жұмыстар, ТМККК және МӘМС пакеттерінің бекітілген моделі бойынша мәлімет берілген.

Түркістан облысында 40 мемлекеттік медициналық ұйым және 35 жекеменшік ұйым, жалпы 75 медициналық ұйым 100% медициналық ақпараттық жүйелерге қосылған, ақпараттық жүйелермен интеграцияланған. Қалалық және аудандық деңгейдегі медициналық ұйымдар 100% интернетке кіру мүмкіндігімен қамтылған.

Аудан орталығынан төмен деңгейдегі медициналық нысандар интернетке 71,2% қосылған, олар 509 нысанды құрайды. Қалған нысандар 2021 жылға дейін интернетке кезең-кезеңімен қосылатын болады. Компьютерлік техникамен жабдықталғандық 100% құрайды.

**Кадрлық ресурстар бойынша** облыс бойынша 2019 жылдың 12 айына дәрігерлер саны 5300, 10 мың халыққа шаққанда 26,7 көрсеткішті құрайды. Орта буын медицина қызметкерлер саны 18087, 10 мың халыққа шаққанда 91,3 көрсеткішті құрайды. «Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау» бағдарламасының бойынша 2019 жылы 12 айында 2587 мамандар біліктілігін арттырды, оның ішінде 149 маман шет елдің клиникаларында білімін жоғарылатып, тәжірибие алмасты (Новосибирск, Мәскеу, Түркия).

Облыста мамандықтар бойынша дәрігер тапшылығы саны – 147 (*жалпы тәжірибиелі дәрігер, анестезиолог-реаниматолог, терапевт, акушер-гинеколог, педиатр, дәрігер-лаборант*). Облыста мамандар тапшылығын төмендету мақсатында 2019 жылдың 5 сәуіріндегі №37/391-VI облыстық мәслихаттың шешіміне сәйкес шалғай ауылдар мен елді-мекендерде жұмысқа орналасқан денсаулық саласындағы әр маманға бір реттік 1 500 000 (бір миллион бес жүз мың) теңге төленеді және қазіргі таңда ауылды жерге 2019 жылы 12 айда 155 жас маманға (*жалпы тәжірибелі дәрігер, хирург, терапевт, педиатр, кардиолог, акушер-гинеколог*) жолдама беріліп, әлеуметтік төлемдермен қамтамасыз етілді. Сонымен қатар, 2019 жылы 12 айда 40 жас отбасы бюджеттік несие алды.

Түркістан облысының Қоғамдық денсаулық басқармасы мемлекеттік – жекешелік әріптестік бағдарламасы шеңберінде (МЖӘ) жалпы сомасы 2779,6 мың теңгеге 30 фельдшерлік – акушерлік пункттер салу бойынша жұмыс жүргізілуде. Осы 30 жобаға конкурстық құжаттама әзірленіп, Түркістан облысы экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасымен келісіліп, облыстық бюджеттік комиссияның 2018 жылғы 29 қарашадағы № 31 хаттамасымен МЖӘ конкурстық құжаттамасы қуатталды.

**Медицина ұйымдарының жабдықталуы** 12 айда 70,93% құрады. 2019 жылы медициналық ұйымдардың материалдық-техникалық жабдықталуына 6,2 млрд. теңге бөлінді. Бірінші кезекте ана мен бала, жансақтау, ота жасау, жедел жәрдем қызметін күшейтуге мақсат қойылды.

**Денсаулық саласын ақпараттандыру бойынша** Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасы «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында (ары қарай - Бағдарлама) Түркістан облысы бойынша 40 (100 пайыз) медициналық ұйымдар медициналық ақпараттық жүйесіне (әрі қарай-МАЗ) қосылған. Қазіргі таңда облыс бойынша 3 медициналық ақпараттық жүйесі (ДАМУМЕД, КАЗМЕДИНФОРМ, КӨМЕК) жұмыс жасауда.

Түркістан облысында 755 медициналық нысан қызмет атқарады, сонын ішінде интернетке қосылғаны 562 денсаулық сақтау нысаны 74,4 пайызды құрайды, қалған 193 медициналық нысан кезен бойынша 2021 жылға дейін қосу жоспарланған.

Бүгінгі таңда облыс бойынша 9395 дәрігер мен орта буынды медициналық қызметкерлердің жұмыс орындары компьютерлік техникамен жабдықтау 100% құрайды.

Денсаулық сақтау нысандарының инфрақұрылымын қамтамасыз ету: Компьютерлік техникамен қамтылуы 100% құрайды. Қала және аудан орталықтары интернетке кіруге мүмкіндіктер 100 пайыз жасақталынған, аудан

орталығының ауылдық округтерінде интернет желісімен 73% қамтылған, 2021 жылға қарай 100 пайызға дейін қамтамасыз ету жоспарланып отыр. Түркістан облысында 40 медициналық ұйым медициналық ақпараттық жүйеге қосылған, яғни 100% қамтылған. Облыс тұрғындары электрондық паспорты 100% қамтылған. Дәрігердің қабылдауына алдын ала жазылу қазіргі уақытта электронды түрде атқарылуда. Қағазсыз құжат айналымы: 40 медициналық ұйымынан 40 (100%) медициналық ұйым ішінара қағазсыз құжат айналымына ауыстырылды.

Бағдарлама аясында 2020 жылы денсаулықтың медициналық-демографиялық көрсеткіштері:

Күтілетін өмір сүру ұзақтығы – 2020 жылы – 70,67(2019ж. – 72,73);

Жалпы өлім-жітім – 2020 жылы 6,34(2019ж. – 5,17);

Ана-өлім жітімі – 2020 жылы – 16,3(2019ж. – 9,1);

Нәресте өлім жітімі – 2020 жылы – 7,1(2019ж. – 7,7);

Қан айналым жүйесінен болатын өлім-жітім көрсеткіші – 128,9 (2019 ж. – 154,1);

Қатерлі ісіктерден болатын өлім-жітім көрсеткіші – 54,3 құрап, (2019 ж. – 52,4);

Туберкулезден өлім-жітім көрсеткіші – 0,9 құрап, (2019 ж.-1,3).

2020 жылдың медико-демографиялық көрсеткіштеріне «COVID-19» індеті кері әсерін тигізіп, әлеуметтік маңызы бар аурулардың өлім-жітім саны артты.

Азаматтардың денсаулығын сақтауға және саламатты өмір салтын қалыптастыруға әрі қауіпті жүріс-тұрыс пен зиянды әдеттерден бас тартуға арналған іс-шаралар жүргізілді. Іс шаралар жоспары аясында 4 606 адамды қамтитын 97 іс-шара ұйымдастырылып, өткізілді. Оның ішінде:- онкологиялық аурулардың алдын алу бойынша 241 адамды қамтитын 2 іс-шара; темекі шегудің алдын алу бойынша - 556 адамды қамтитын 25 іс - шара; бронх демікпесінің алдын алу бойынша -150 адамды қамтитын 3 іс -шара; нашақорлықтың алдын алу бойынша - 145 адамды қамтитын 6 іс-шара; салауатты тамақтану бойынша - 420 адамды қамтитын 5 іс-шара; туберкулездің алдын алу бойынша - 196 адамды қамтитын 7 іс-шара; вакцинация бойынша - 469 адамды қамтитын 8 іс-шара; «Дені сау болу сәнді!» 369 адамды қамтитын 4 іс-шара; артериялық гипертонияның алдын алу бойынша - 667 адамды қамтитын 8 іс-шара; жарақаттанудың алдын алу бойынша - 1 393 адамды қамтитын 29 іс-шара.

Түркістан облысының барлық медициналық ұйымдарында тематикалық сабақтар (әңгіме,дәріс), онлайн семинар-тренингтер, сұрақ-жауап кештері, салауатты өмір салты бойынша әртүрлі жас санатындағы адамдармен «Дұрыс тамақтану-өмірдің негізі» атты тақырыпта онлайн семинар өтті. «Дене белсенділігін насихаттау», «Шылымқорлықтың алдын алу» туралы сұрақ-жауап кештері ұйымдастырылған.



Облыс аумағында коронавирустық инфекцияның таралуының алдын алу, халықты ақпараттандыру жұмыстары бойынша медиа-жоспар бекітілді. Коронавирустық инфекцияның алдын алу бойынша халық арасында қыркүйек-қазан айларында 7 билборд, 4 стенд орнатылды. 2 ай ішінде «Оңтүстік», «НТК», «КТК» телеарналарында күніне 72 рет эфирге шығатын 2 тілді (қазақ және орыс тілінде) бейнеролик көрсетілді. «Диагноз», «Рейтинг» газеттерінде 6 мақала жарияланған.

Халықтың нысаналы топтарын профилактикалық медициналық тексеріп-қарауды жұмыстары жүргізілді. Қан айналым жүйесі ауруларын, қант диабетін, глаукоманы, ісік алды сүт безін, жатыр мойнының ісік алды жағдайларын, тоқ ішек және тік ішек обырын ерте анықтау бойынша профилактикалық іс-шаралар жүргізілген.

Халықтың профилактикалық екпелерді алуы Қазақстан Республикасының Ұлттық екпе күнтізбесіне сәйкес жүргізіледі. Жыл сайын иммунизация көрсеткіші иммунизацияға жататын халықтың 95%-дан кем емес деңгейде жүргізіледі. 2020 жылы иммунизацияға жататын халықтың 95%-дан жоғары екпе алған.

Медициналық жарақтандыру стандарттарына сәйкес келетін медициналық-санитариялық алғашқы көмектің жаңа объектілерін ашу арқылы жалпы практика дәрігерлерінің жүктемесін азайту мақсатында 2020 жылы қосымша 115 жалпы тәжірибе дәрігерлерінің учаскесі ашылды (жалпы учаске саны: 898 балалар дәрігері учаске саны - 126). 2020 жылдың қорытындысы бойынша жалпы тәжірибе дәрігерінің жүктемесі 1 дәрігерге шаққанда 1 500 адамды құрап отыр.

Біріктірілген медициналық көмек қағидатының (аймақтандыру) негізінде басым бағыттар бойынша ана мен бала денсаулығын қорғау, жіті миокард инфаркті, жіті ми қанайналымы бұзылысы, қатерлі ісіктер, жазатайым оқиғалар жол картасы жүзеге асырылуда.

Ана денсаулығын қорғау жол картасы аясында:

- Күн сайын критикалық жағдайдағы жүкті әйелдер, босанатын және босанған әйелдер мен нәрестелерге мониторинг жүргізіледі;

- Босану ұйымдарының барлық бөлімшелерінде жүкті әйелдер, босанатын және босанған әйелдерге уақтылы медициналық көмек беру үшін SOS шұғыл хабарлама жүйесі орнатылған. Бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін медициналық ұйымдарында КМИС бағдарламасына мобильдік қосымшасы енгізілген.

Түркістан облысы бойынша науқастарға бағыт бағдар беру мақсатында емханалар ішінен 20 Call орталық ашылған. Орталықта дәрігер терапевт және психолог мамандары сұрақтарға жауап беріп, кеңестерін береді.

Денсаулық саласын ақпараттандыру бойынша қала және аудан орталықтары интернетке кіруге мүмкіндіктер 100 пайыз жасақталынған, аудан орталығының ауылдық округтерінде интернет желісімен 2021 жылға қарай 100 пайызға дейін қамтамасыз ету жоспарланып отыр. Түркістан облысында 73% медициналық ұйымдар медициналық ақпараттық жүйесіне қосылған. Қазіргі таңда облыс бойынша 2 медициналық ақпараттық жүйесі (ДАМУМЕД,

КӨМЕК) жұмыс жасауда. Бүгінгі таңда облыс бойынша дәрігер мен орта буынды медициналық қызметкерлердің жұмыс орындары компьютерлік техникамен жабдықтау 100% құрайды.

Облыс бойынша 100% электрондық денсаулық паспорттары жасақталды. 381 859 адам мобильді қосымшамен пайдаланады. Осы көрсеткіштер нәтижесінде:

- дәрігердің қабылдауына жазылғандар саны – 10 689 816.
- еңбекке жарамсыз парағы электронды нұсада берілгендер саны – 101 538.

Облыс тұрғындары түгелімен электрондық паспорты 100% қамтылған. Дәрігердің қабылдауына алдын ала жазылу қазіргі уақытта электронды түрде атқарылуда. 75 медициналық ұйымынан 75 (100%) медициналық ұйым ішінара қағазсыз құжат айналымына ауыстырылды. 233 медициналық нысаннан 213 (91,5%) медициналық нысан электрондық нұсқаға көшірілді.

